


# Қазақстанның су ресурстары мәселелері



# Қазақстанның су ресурстары

Қазақстанның су артериялары шамамен 85 мың өзендерден құралған. Ең ірі су көздеріне: Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Шу, Талас, Асса өзендері жатады. Қазақстан су ресурстарының жетіспеушілігі күшті байқалатын өңірдің қатарына жатады.



# Су ресурстарының

## құрылымы

Республикамызда 8643 тұрақты және уақытша су ағыстары белгілі. Олардың жалпы ұзындығы 123 мың км. Қазақстанның өзендерінің ерекшелігі олардың біртекті таралуында. Жер бетіндегі су қорына әсіресе, Орталық және Батыс Қазақстан кедей. Республикамыздың бүкіл жазық территориялары сирек өзен торымен сипатталады. Шөлейт және шөлді аудардарда өзендер жоқ деуге болады. Қалың өзен торы таулы және тау етегіндегі аудардарында тузілген.

# Экологиялық қатер




Қазіргі кезде су нысандарын тау-кен өндірісі, металлургия және химия өнеркәсібі мекемелерінің қалалардың коммуналдық қызметтерінің қарқынды лақтауы нақты экологиялық қатер тудырып отыр.

Ашық су көздерінің ластану, қоқыстану, және сарқылу процесі тоқталмай отыр, мұның негізгі себебі – су қоймаларына тазартудан өтпеген әлде нашар тазартылған шайынды сулардың төгілуі. Жыл сайын су нысандарына шамамен 2,5 млн тонна шайынды төгіледі.



Әсіресе Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі көбірек ластанған. Солармен қатар халықты ауызсумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылатын жер асты сулары да ластанып жатыр.



Ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету проблемасы да күрделі күйде қалып отыр. Су құбыры жүйелерінде жиі болып тұратын апаттар, тетіктер ақыр соңында су құбырының істен шығуына әкеліп соғады.



# Судың сапасы мен құрамы

Су ауыр металдармен: қорғасын, кадмий, никель, марганец, бор, фтор, селен элементтер бойынша ластануы нормативтерден жоғары.





# Ластануды тоқтату

Су ресурстарын пайдалану және оларды қорғаудағы заңды құжаттардың бірі - ол 2003 жылы қабылданған «Су кодексі». Оның мақсаты: Су қатынастарының ұйымдастырушылық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған.



# Назарларыңызға рахмет!



Соңы

